

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 163 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 шілдеде N 3304 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қазандағы N 328 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 13.10.2015 N 328 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қоса берілген тәртібі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Г.Ш. Рамазановаға жүктелсін.


4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бегманов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 1-
қосымша

Балаларды Мұнай айдау станциясынан "Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі




Омбы – Петропавл жолы

Бағыттың кестесі (қашықтығы 17 км)

Келісілді:	Келісілді:
Булаев қаласының ә к і м і Ю.А.Портнягин	"Батыр Баян атындағы мектеп гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ю.В.Терехов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 2-
қосымша


Балаларды Медвежка ауылынан "№ 4 Булаев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі



Келісілді:	Келісілді:
Булаев қаласының ә к і м і Ю.А.Портнягин	"№ 4 Булаев мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Б.Ф.Секимов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 3-
қосымша

Балаларды Мичурин ауылынан "Хлебороб орталау мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі




Бағыттың кестесі (қашықтығы 8 км)

Келісілді:	Келісілді:
Октябрьское ауылдық округінің әкімі М.М. Шайкенов	"Хлебороб орталау мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры К.Т.Ахметжанова

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 4-
қосымша


Балаларды Куломзино ауылынан "Конюхов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі



Келісілді: Конюхов ауылдық округінің ә к і м і Р.Т. Хасенов	Келісілді: "Конюхов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің д и р е к т о р ы Б.Ж. Бейсембаева
--	---

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 5-
қосымша

Балаларды Зарослое ауылынан "Октябрьское орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі




Бағыттың кестесі (қашықтығы 8 км)

Келісіді:	Келісіді:
Октябрьское ауылдық округінің әкімі М.М. Шайкенов	"Хлебороб орталау мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры К.Т.Ахметжанова

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 163 қаулысына 6-қосымша

Балаларды Тыщенко ауылынан "Чистов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі




Бағыттың кестесі (қашықтығы 5,6 км)

Келісілді:	Келісілді:
Чистов ауылдық округінің ә к і м і Қ.Қ.Ілиясов	"Чистов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры С.Ю.Терехов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 7-
қосымша

Балаларды Пулеметовка ауылынан "Таман орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі




Бағыттың кестесі (қашықтығы 12 км)

Келісіді:	Келісіді:
Таман ауылдық округінің ә к і м і Г.Х.Ветер	"Таман орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Т.В.Курбатова

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 8-
қосымша


**Балаларды Қоскөл, Шаңдақ ауылдарынан "Ұзынкөл орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі**



Келісілді:	Келісілді:
Ұзынкөл ауылдық округінің ә к і м і Б.Қ.Шибучиков	"Ұзынкөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.А.Мұхамбетова

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысына 9-
қосымша

Балаларды Образец ауылынан "Қарақоға орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасу кестесі



Келісілді:	Келісілді:
Қарақоға ауылдық округінің ә к і м і А.А.Жорова	"Қарақоға орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ж.А.Хайдарова

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы
15 маусымдағы № 163 қаулысымен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың

осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес әзірленген және келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

тасымалдаушы – ақыға немесе жалданып жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және осыған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралын иеленуші жеке немесе заңды тұлға;

балаларға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі - тапсырыс беруші) - балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар.

2. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау мынандай жағдайда ұйымдастырылады егер: автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болған жағдайда.

4. Балаларды тасымалдауға мынандай тасымалдаушылар жіберіледі:

1) автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілігі және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаты болғанда;

2) тасымал қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нормативтік құқықтық актілер талаптарына сай келетін және тиісті тасымалдау түріне жарамды көлік құралдары бар.

5. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) Соңғы жыл ішінде еңбек тәртіптің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жол жүру ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру бойынша негізгі ережелерін, арнайы шам және дыбыс

дауыспен және арнайы түсті графикалық кестелер бойынша бояуға жататын жедел және арнайы қызметтердің тізімдегі көлік бекіту туралы" № 1196 Қаулысымен бекітілген Жол жүру ережелердің дөрекі бұзушылықтар жоқ.

6. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы - автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7. Балаларды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойығын ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 %-дан артық жабуға тыйым салынады;

7) жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

8. Автокөлік құралдарын пайдалану тасымалдаушының міндетті азаматтық-құқықтық сақтандыру шарттарындағы жауапкершілікті орындаған жағдайда жүргізіледі. Сондай-ақ міндетті сақтандыруға тасымалдаушының жолаушылар алдында жол жүру және жүк тасуға арналған автокөлікті пайдалану барысында, олардың өміріне, денсаулығына, мүліктеріне залал келтірмеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.

3. Балаларды тасымалдау тәртібі

9. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен. Автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен, сары түсті жылтыр шағын маягымен.

10. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

11. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

12. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

13. Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

14. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға;
- 6) балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Балалардың тұрақты тасымалдауын жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мынадай мәселелер кіретін, арнайы бағдарлама бойынша балалармен тұрақты сабақтар өткізуді ұйымдастырады:

1) жиналу орындарында және автобусты күту уақытында қауіпсіздік тәртібінің ережелері туралы;

2) отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы;

3) автобустың қозғалу уақытындағы және аялдауы кезіндегі тәртіп ережелері туралы;

4) тасымалдау кезінде қауіпті немесе төтенше жағдайлар туындағандағы тәртіп туралы;

5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы (ересек балалармен сабақ өткізу кезінде).

Сабақты өткізу кезінде жол қозғалысы процесінде және тасымалдау уақытында туындайтын іс жүзіндегі жағдайларды талқылау үшін көрнекті құралдарды пайдалану көзделуі тиіс.